

О Т З Ы В

**зарубежного научного консультанта на диссертационную работу
Кайнара Ерболат ЕРЖАНУЛЫ «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан
Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан
қылмыстылықпен күресудің қылмыстық – құқықтық және
криминологиялық мәселелері», представленной на соискание степени
доктора философии (PhD) по специальности 6D030300 -
«Правоохранительная деятельность»**

Актуальность темы диссертационного исследования не вызывает сомнения, она достаточно полно и убедительно обоснована соискателем во введении.

Следует отметить, что рецензируемая диссертационная работа соискателя Кайнар Е.Е. является первой научной работой, посвященной проблемам борьбы с организованной преступностью в пенитенциарной системе Республики Казахстан.

Об актуальности избранной автором темы свидетельствует также наличие существенных проблем, связанных увеличением организованной преступности в пенитенциарной системе Республики Казахстан за период с 2003 по 2015 годы.

Изложенное свидетельствует об актуальности и необходимости изучения вопросов, связанных с особенностями предупреждения и пресечения организованной преступности в местах лишения свободы.

Научные результаты, полученные диссертантом, отвечают требованиям «Правил присуждения ученых степеней», утвержденных Приказом Министерства образования и науки Республики Казахстан от 31 марта 2011 года № 127 (с изменениями и дополнениями в соответствии с приказами МОН РК №226 от 18 мая 2012 года и 214 от 30 мая 2013 года). Диссертация соответствует специальности 6D030300 – Правоохранительная деятельность и является научным квалифицированным трудом, в котором проводится научно-обоснованная и социально-значимая разработка проблем, связанных с преступлениями, совершаемыми организованными преступными группами в пенитенциарных учреждениях. Выводы и предложения соискателя сформулированы на основе анализа и обобщения законодательных источников, значительного объема специальной литературы и практического материала. Предложения и рекомендации представляют определенную ценность для дальнейшего совершенствования деятельности уголовно-исполнительной системы, а также науки криминологии и уголовного права.

Основные научные результаты по теме диссертации были получены в ходе исследовательских работ в пятнадцати учреждениях пенитенциарной системы Южно-Казахстанской, Карагандинской, Кызылординской и Акмолинской областей Республики Казахстан.

Обоснованность и достоверность результатов, полученных в ходе диссертационного исследования, подтверждаются данными сопоставительного анализа имеющейся отечественной и зарубежной

юридической литературы, истории развития и совершенствования уголовного, уголовно-исполнительного законодательства, а также приведенной статистической информацией, анализом научного материала, содержащегося в трудах по уголовному, уголовно-исполнительному праву и криминологии, а также обобщением пенитенциарной практики.

Некоторые положения представляют интерес как для теории уголовного права и криминологии, так и для практической деятельности правоохранительных органов и суда.

Диссертация Кайнара Е.Е. представляет собой целостную, содержательную работу, связанную внутренним единством. Полученные в ходе диссертационного исследования результаты имеют высокую теоретическую ценность и практическую значимость. Структура и объем диссертационного исследования обусловлены характером работы, уровнем ее разработки, а также обеспечивают направленность на достижение поставленных исследованием целей.

Диссертация состоит из списка обозначений сокращенных слов, введения, трех разделов и семи подразделов, заключения, списка использованных источников и приложения.

В первом подразделе диссертации рассмотрены понятия пенитенциарной организованной преступности. Рассматриваются структурные элементы криминологической характеристики лидеров организованных преступных групп. Исследованы корреляционные связи между структурными элементами. Обосновывается внесение понятий «организованная преступность», «пенитенциарная организованная преступность» в статью 3 «Разъяснение некоторых понятий, содержащихся в настоящем кодексе» Уголовного кодекса Республики Казахстан

Во втором подразделе работы рассматриваются исторические аспекты и сравнительная характеристика лидеров организованных преступных групп в местах лишения свободы. Дана оценка структурным изменениям пенитенциарных организованных преступных групп.

В третьем подразделе рассматривается влияние организованных преступных групп на криминологическую обстановку в местах лишения свободы. Предложены рекомендации по введению должности специалиста-теолога в ч. 3 приказа № 508 от 13 августа 2014 года «Правила проведения воспитательной работы с осужденными к лишению свободы» по профилактике проявления организованной преступности в местах лишения свободы.

В четвертом подразделе диссертантом было рассмотрены противоречия и пути совершенствования борьбы с организацией азартных игр организованными преступными группами в местах лишения свободы. Предложено внесение изменений в ч. 1 ст. 307 Уголовного кодекса РК в следующей редакции: «незаконное открытие либо содержание игорного заведения или незаконная организация деятельности в сфере игорного бизнеса, а равно предоставление помещения для незаконного игорного бизнеса либо организация и проведение азартных игр в пенитенциарных

учреждениях и вне мест, установленных законодательством Республики Казахстан об игорном бизнесе, либо осуществления деятельности в сфере игорного бизнеса без лицензии».

В пятом подразделе обоснованно предложено дополнить статью 130 Уголовно-исполнительного кодекса Республики Казахстан частью 5 для обозначения подпунктов 8, 9, 10, 11 части 2 статьи 130 о том, что совершение данных деяний влечет за собой уголовное наказание согласно соответствующим статьям Уголовного кодекса.

Шестой подраздел посвящен профилактике организованной преступности и криминальной субкультуры в местах лишения свободы. Предложено внесение изменений в Приказ № 508 от 13 августа 2014 года «Правила проведения воспитательной работы с осужденными к лишению свободы» о создании специального отряда для коллективной профилактики криминальной субкультуры и организованной преступности в местах лишения свободы.

В седьмом подразделе рассматриваются пути совершенствования борьбы с организованной преступностью в пенитенциарной системе. Предложено дополнить главу 11 Уголовного кодекса Республики Казахстан статьей «Пропаганда и вовлечение осужденных к принципам криминальной субкультуры».

Результаты диссертационного исследования вносят определенный вклад в развитие науки уголовного права, уголовно-исполнительного права и криминологии, которые могут быть использованы: в правотворческой деятельности, по дальнейшему совершенствованию уголовного и уголовно-исполнительного законодательства; в педагогической деятельности, а также спецкурсов, рассматривающих вопросы борьбы с организованной преступностью в местах лишения свободы, при изучении соответствующих тем в высших и средних учебных заведениях системы Министерства внутренних дел Республики Казахстан; в дальнейших научных исследованиях в области совершенствования деятельности борьбы с организованной преступностью.

По теме диссертационной работы опубликовано 10 научных работ: 1 в международном научном издании «JARLE-ASERS Publishing - Journal of Advanced Research in Law and Economics» с ненулевым импакт-фактором, входящим в базу данных компании Scopus; 3 – в изданиях, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан; 4 – в материалах международных конференций; 2 – в материалах зарубежных международных конференций.

Диссертация соискателя Кайнара Е.Е. «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелері», представленная на соискание степени доктора философии (PhD), соответствует предъявляемым требованиям «Правил присуждения ученых степеней», утвержденных Приказом Министра образования и науки

Республики Казахстан от 31 марта 2011 года № 127, а ее автор Кайнар Ерболат Ержанулы заслуживает присуждения степени доктора (PhD) по специальности 6D030300 – Правоохранительная деятельность.

Зарубежный научный консультант:
доктор юридических наук, профессор,
член-корреспондент Российской Академии Естествознания,
внештатный профессор Шанхайского университета
политических наук и права
проректор по учебной работе
Дипломатической академии М



И. С. Шоналиев

ДА МИД КР имени К.Д. Дикамбаева
ОК
Подпись *Шоналиева К.*
ПОДТВЕРЖДАЮ *Ассен*

Қайнар Ерболат Ержанұлының 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуге ұсынған «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшінің

ШҚІРІ

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі шүбә туғызбайды, оны ізденуші кіріспеде барынша толық және сенімді түрде негіздеп көрсеткен.

Ізденуші Е.Е. Қайнардың пікір білдіруге ұсынылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыскерлікпен күрес мәселелеріне арналған тұңғыш ғылыми жұмыс болып табылатынын атап өткен жөн.

Автор тандаған тақырыптың өзектілігі жөнінде сонымен қатар 2003 жылдан бастап 2015 жылға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесінде ұйымдасқан қылмыскерліктің арта түсуіне байланысты елеулі мәселелердің барлығы да куәландырады.

Жоғарыда баяндалғандар бас бостандығынан айыру орындарындағы ұйымдасқан қылмыскерліктің алдын алу және жолын кесудің ерекшелігімен байланысты сұрақтардың өзектілігі мен оны зерделеу қажеттігін растай түседі.

Диссертантпен алынған ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 18 мамырдағы № 226 және 2013 жылғы 30 мамырдағы 214 бұйрықтарына сәйкес енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) талаптарына жауап береді. Диссертация 6D030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығына сәйкес келеді және пенитенциарлық мекемелерде ұйымдасқан қылмыскерлік топтармен жасалатын қылмыстарға байланысты мәселелер бойынша ғылыми негізделген және әлеуметтік-мәнді зерттеу жүргізілген ғылыми білікті еңбек болып табылады. Ізденушінің қорытындылары мен ұсыныстары айтарлықтай көлемдегі заңнамалық дереккөздерді, арнайы әдебиеттер мен тәжірибелік материалдарды талдау және қорыту негізінде тұжырымдалған. Әзірленген ұсыныстар, қылмыстық-атқару жүйесі қызметін, сондай-ақ криминология және қылмыстық құқық ғылымдарын одан әрі жетілдіру үшін белгілі құндылыққа ие.

Диссертация тақырыбы бойынша негізгі ғылыми нәтижелер Қазақстан Республикасының Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Ақмола облыстарының пенитенциарлық жүйесінің он бес мекемесінде зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында алынды.

Диссертациялық зерттеу жүргізу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен дұрыстығы, отандық және шетелдік заң әдебиеттерінің, қылмыстық, қылмыстық-атқару заңнамасының даму және жетілу тарихы мәліметтеріне салыстырмалы талдау жасала отырып, қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы мен криминология бойынша еңбектерде келтірілген статистикалық ақпараттармен, сондай-ақ пенитенциарлық тәжірибе қорытыла отырылып расталады.

Кейбір ережелер, қылмыстық құқық және криминология теориясы үшін де, дәл солай құқық қорғау органдары мен соттың практикалық қызметі үшін де, маңызға ие.

Е.Е. Қайнардың диссертациясы ішкі бірлігі үйлескен жинақы, маңызды жұмыс болып табылады. Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер жоғары теориялық құндылыққа және практикалық мәнге ие. Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі жұмыстың сипатымен, оның зерттелу деңгейімен ескертілген, сондай-ақ зерттеудің мақсатына қол жеткізуге бағытталуын қамтамасыз етеді.

Диссертация қысқарған сөздерді белгілеу тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен және жеті бөліністен, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер мен қосымшалардан тұрады.

Диссертацияның бірінші бөлінісінде пенитенциарлық ұйымдасқан қылмыскерлік ұғымы қарастырылған. Ұйымдасқан қылмыстық топтардың басшыларының криминологиялық сипаттамасының құрылымдық элементтері қаралады. Құрылымдық элементтер арасындағы өзара байланыстар зерттелген. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «Осы кодексте қамтылған кейбір ұғымдарды түсіндіру» деп аталатын 3-бабына енгізу үшін «ұйымдасқан қылмыскерлік», «пенитенциарлық ұйымдасқан қылмыскерлік» ұғымдары негізделеді.

Жұмыстың екінші бөлінісінде бас бостандығынан айыру орындарында ұйымдасқан қылмыстық топтардың басшыларының тарихи аспектілері мен салыстырмалы сипаттамасы қарастырылады. Пенитенциарлық ұйымдасқан қылмыстық топтардың құрылымдық өзгерістеріне баға берілген.

Үшінші бөліністе бас бостандығынан айыру орындарындағы криминологиялық жағдайға ұйымдасқан қылмыстық топтардың ықпалы қаралады. «Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы» 2014 жылғы 13 тамыздағы № 508 бұйрықтың 3-бөлігіне бас бостандығынан айыру орындарында ұйымдасқан қылмыскерліктің пайда болуының алдын алу бойынша маман-теолог жұмысын енгізу ұсынылған.

Төртінші бөліністе диссертант бас бостандығынан айыру орындарында ұйымдасқан қылмыстық топтардың құмар ойындарын ұйымдастыруымен күрес жүргізудегі қарама-қайшылықтарды және жетілдіру мәселелерін қарастырған. Қылмыстық кодекстің «Ойын мекемесін заңсыз ашу не ұстау немесе ойын бизнесі саласындағы қызметті заңсыз ұйымдастыру, сол сияқты заңсыз ойын бизнесі үшін үй-жайлар беру не Қазақстан Республикасының ойын бизнесі туралы заңнамасында белгіленген орындардан тыс құмар

ойындарын ұйымдастыру және өткізу не ойын бизнесі саласындағы қызметті лицензиясыз жүзеге асыру» деп аталатын 307-бабының 1-бөлігіне өзгерістер енгізу ұсынылған.

Бесінші бөліністе негізделген түрде Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 130-бабын, 130-баптың 2-бөлігінің 8, 9, 10, 11 тармақшаларын айқындау үшін, осы әрекеттерді бұзушылық қылмыстық кодекстің тиісті баптарында көзделген қылмыстық жазаға әкеп соғатыны жөніндегі 5-бөлікпен толықтыру ұсынылған.

Алтыншы бөлініс бас бостандығынан айыру орындарында ұйымдасқан қылмыскерліктің және криминалдық субмәдениеттің алдын алуға арналған. «Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидасын бекіту туралы» 2014 жылғы 13 тамыздағы № 508 бұйрыққа бас бостандығынан айыру орындарында криминалдық субмәдениет пен ұйымдасқан қылмыскерліктің ұжымдық алдын алу үшін арнайы жасақ құру туралы өзгерістер енгізу ұсынылған.

Жетінші бөліністе пенитенциарлық жүйеде ұйымдасқан қылмыскерлікке қарсы күресудің жолдарын жетілдіру қарастырылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 11 тарауын «Сотталғандарды криминалдық субмәдениет қағидатына насихаттау және тарту» бабымен толықтыру ұсынылған.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері қылмыстық құқық, қылмыстық-атқару құқығы және криминология ғылымдарын дамытуға: қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын одан әрі жетілдіру бойынша құқық шығармашылық қызметінде; Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жүйесінің жоғары және орта оқу орындарында тиісті тақырыптарды зерделеу кезінде бас бостандығынан айыру орындарында ұйымдасқан қылмыскерлікпен күрес мәселелерін қарастыратын педагогикалық қызметте, сондай-ақ арнайы курстарда пайдаланылуы мүмкін нақты үлес қосады.

Диссертациялық жұмыс бойынша 10 ғылыми жұмыс жарияланды: 1 – Scopus компаниясының мәліметтер базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторлы «JARLE-ASERS Publishing - Journal of Advanced Research in Law and Economics» халықаралық ғылыми басылымда; 3 – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында бақылау комитеті ұсынған басылымдарда; 4 – халықаралық конференциялар материалдарында; 2 – шетел халықаралық конференциялар материалдарында.

Ізденуші Е.Е. Қайнардың (PhD) докторы дәрежесіне ізденуге ұсынылған «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесіндегі ұйымдасқан қылмыстылықпен күресудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық мәселелері» тақырыбындағы диссертациясы «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 Бұйрығында қойылған талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы Қайнар

Ерболат Ержанұлы 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша (PhD) докторы дәрежесін беруге лайықты.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Ресей Жаратылыстану Академиясының корреспондент-мүшесі,
заң ғылымдарының докторы, профессор,
Шанхай саяси ғылымдар және құқық
университетінің шпаттан тыс профессоры,
Қырғыз Республикасы СІМ дипломатиялық академиясының
оқу ісі жөніндегі проректоры

К.М. Осмоналиев

Настоящий перевод с русского на казахский язык выполнен мной, переводчиком, Эльмуратовым Курбанали Сегизбаевичем.
Текст перевода документа на казахском языке соответствует тексту документа на русском языке.
Двадцать первого сентября тысяча шестнадцатого года.

Эльмуратов Курбанали Сегизбаевич

Двадцать первое сентября тысяча шестнадцатого года. Я, Иманбаева Назгуль Мирамовна частный нотариус г.Костанай Костанайского района Костанайской области, действующая на основании лицензии №0000908 выданной Комитетом по организации правовой помощи и оказанию юридически услуг населению Министерства юстиции Республики Казахстан 25 июля 2007 года, свидетельствую подлинность подписи *Эльмуратова Курбанали Сегизбаевича*. Личность переводчика установлена, действительность полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре номер: три тысячи двести тридцать

Взыскана государственная пошлина: шестьдесят четыре тенге и одна тысяча шестьдесят один тенге
тех.услуги

Нотариус:



Ерболат Ержанұлы 6D030300 – «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша (PhD) докторы дәрежесін беруге лайықты.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Ресей Жаратылыстану Академиясының корреспондент-мүшесі,
заң ғылымдарының докторы, профессор,
Шанхай саяси ғылымдар және құқық
университетінің штаттан тыс профессоры,
Қырғыз Республикасы СІМ дипломатиялық академиясының
оқу ісі жөніндегі проректоры

К.М. Осмоналиев

Настоящий перевод с русского на казахский язык выполнен мной, переводчиком, Эльмуратовым Курбанали Сегизбаевичем.

*Текст перевода документа на казахском языке соответствует тексту документа на русском языке.
Двадцать первого сентября две тысячи шестнадцатого года.*

Эльмурат Курбанали Сегизбаевич

Двадцать первое сентября две тысячи шестнадцатого года. Я, Иманбаева Назгуль Мирамовна, нотариус г.Костанай нотариального округа Костанайской области, действующая на основании лицензии №00000908 выданной Комитетом по организации правовой помощи и оказанию юридическим услуг населению Министерством юстиции Республики Казахстан 25 июля 2007 года, свидетельствую о подлинности подписи переводчика, Эльмуратова Курбанали Сегизбаевича. Личность переводчика установлена, дееспособность и полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре номером: три тысячи двести тридцать

*Взыскана государственная пошлина: шестьдесят четыре тенге и одна тысяча шестьдесят один тенге
тех.услуги*

Нотариус:

[Handwritten signature]

